

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**PROCEEDINGS  
of the XX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**2025  
Астана**

УДК 001(06)  
ББК 72я631  
F96

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың  
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная  
научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE  
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for  
students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:  
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас  
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті  
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young  
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник  
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по  
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)  
ББК 72я431  
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2025

808. 24	Пулатов Шерзод Аббозович	Межэтнический диалог и переговорные процессы в полиэтничном Казахстане: институциональные практики и политико-правовые основы	3603
809. 25	Сатвалдиев А.Г.	Қазақстандық этносаясатта «жанубий қозоғистон» газетінің алар орны және түрлі кезеңдердегі мемлекеттік саясаттың оның контентіне әсері	3608
810. 26	Токенов А.С.	Социальный капитал и доверие в казахстанском обществе: к вопросу о влиянии этнической структуры	3613
811. 27	Узарова Л.М.	Особенности коммуникации в сфере этномедиации	3617
812. 28	Урстенова Д.Д.	30 лет АНК: новые возможности народной дипломатии	3622
813. 29	Хмелевский В.А.	Межкультурное многообразие и общая историческая память В республике Казахстан	3627
814. 30	Чжан Цзинкай	«Цветные революции» в эпоху интернета (особенности противостояния в странах СНГ)	3630

**6 – СЕКЦИЯ**  
**ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**  
**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ**

**6.1 ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ  
НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО  
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

815.	Абдулла А. К.	Абай мұрасындағы сакралды ұғымдар	3610
816.	Алаудин Н. Ә.	Нәзира Бердалы поэзиясындағы фольклорлық үрдістер	3614
817.	Амантай Н., Қапсихқызы Д.	«Ескендір» поэмасындағы уақыт пен мәңгілік мәселесі: Абайдың философиялық концепциялары	3618
818.	Ахметбекова Т. У.	Б.Майлин мен А.Чехов әңгімелеріндегі сарказм	3622
819.	Байдуллаева Ж.К.	Қазіргі қазақ прозасындағы мистика жанры	3626
820.	Ғалымжанова З. Т.	Мемуарлық романдардағы тәрбие құндылығы	3629
821.	Дәуренбек А. Ж.	Тұрсын Жұртбайдың «Бесіңді түзе!..» еңбегі: Мұхтар Әуезовтің шығармашылық тағдыры және көркемдік шындық	3632
822.	Ергеш А. М.	Қабдыкәрім Ыдырысов поэзиясындағы интертекст және оның поэтикалық мәні	3638
823.	Еркін А.	«Телқоңыр» және ұлттық болмыс	3641
824.	Жакупова С.С.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ескілікті сынау тенденциясы: Ш.Торайғыровтың «Базарбай молдаға» өлеңі	3644
825.	Жақсыбаева Н. Ж.	Білім берудегі жаңа технологияның тиімділігі	3645
826.	Төребаева А.О.	Жүрсін Ерман арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі	3650
827.	Тұрсын Қ. А.	Бейсембай Кенжебаев – аудармашы	3656
828.	Сұлтанбек Ә.	Орыс тілді қазақ жастарының сөз сапасы: түйіткілдер мен шешімдер	3659
829.	Қажетерова Ш. С.	Еркін өлеңдердегі көлеңке образы	3664
830.	Қуанышбаева Н.А.	Тайыр Жомартбаев шығармашылығындағы балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық сипаты және алаш кезеңіндегі білім беру ісіне ықпалы	3669
831.	Құлшар Б. М.	Сатирадағы есімдер жүйесі және олардың эстетикалық-семантикалық жүктемесі	3673
832.	Махмутова А. Қ.	Абай Құнанбайұлының қара сөздері және ұлттық әдебиеттанудың жаңа үрдістері: білім және руханият	3676
833.	Молдахан Е. М.	Tiktok, Instagram секілді әлеуметтік желілерді әдеби білім беруде қолдану тәсілдері	3679
834.	Томабаева А. Ғ.	Шәкәрім мен Қожа Хафиздің философиялық үндестігі	3683
835.	Түсіпбек М. К.	Мұхтар Әуезов пен Оноре де Бальзак шығармаларындағы сыншыл реализм	3688

		принциптері туралы	
836.	Сайфуллаева Б. Б.	Орта ғасыр түркі ойшылдарының мұрасы мен Абай шығармаларындағы көркемдік дәстүр сабақтастығы	3692
837.	Шагирова Д. Р.	Көлеңке архетипінің көркем трансформациясы: Достоевскийдің «Сыңар» повесі мен Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» негізінде	3696

**6.2 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ**

838.	Абденкул Д.С.	Үйлену салт өлеңдеріндегі лингвотанымдық сипат	3700
839.	Абдрахман А.Е.	«Ер Төстік» жырындағы ең басты гендерлік көріністер мен символдар	3704
840.	Амирова А.Б.	Мақал-мәтелдер әлеміндегі билік пен гендер: қазақ және ағылшын паремияларының салыстырмалы талдауы	3708
841.	Анарбекова А.Б.	Оқушылар сөйлеу тіліндегі терминдер қолданысы	3715
842.	Бөгетбаева А.Т.	Жаһанданудың мәдени таптаурындардың қалыптасуына әсері	3719
843.	Дәулетші Д.Р.	Жалпықолданыстағы сөздерді термин ретінде қолдануда жарыспалылық мәселесі (ақпараттық технологиялар саласы бойынша)	3723
844.	Ермекқызы А.	Интернет лексиканың қолданысы	3726
845.	Жаныбекқызы Б.	Ұлттық фильмдердегі тілдік ерекшеліктер және әсерлеуші құралдар (көркемдегіш құралдар)	3730
846.	Жарылхасын Б.Қ.	Мұхтар Мағауин шығармашылығындағы фразеологизмдердің мәні	3733
847.	Қуандықова И.Р.	Кірме сөздер: игерілуі және электронды коммуникация ортасындағы қолданысы	3736
848.	Қайыркен А.О.	Корпустық лингвистика: қазақ тілін оқытудағы инновациялық бағыт	3743
849.	Қанатқызы А.	Зейнолла Шүкіровтың шығармаларындағы кейіпкер тілі мен стилі	3747
850.	Қуаныш Ә.	Methodology for the development of students' emotional competence in the lesson of the kazakh language	3751
851.	Қыдырбай Н.А.	Қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуы және оларды қалыптастыру мәселелері	3755
852.	Мадиярова Д.М.	Жастар тіліне әлеуметтік желінің әсері	3759
853.	Меліс А.Б.	«Жер-Ана» ұғымының мағыналық ерекшеліктері	3762
854.	Муратбаева Ж.К.	Қазіргі қазақ киносындағы тілдік ерекшеліктер (комедия жанры негізінде: «Таптым-ау сені»)	3766

855.	Муратова М.	І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы мінез-құлық метафоралары	3769
856.	Мұхтарова Ф.С.	Қазақ және қырғыз тілдеріндегі тағамға қатысты этнофразеологизмдер	3772
857.	Нугман А.А.	Фразеологизмдердің лингво-мәдени өрісі	3775
858.	Онгарбаева А.О.	Қазақ және өзбек фразеологизмдеріндегі киелі сандардың ортақ белгілері	3777
859.	Оразалина А.А.	К.Оразалиннің тілдік тұлғасын тану мәселесі	3781
860.	Оралбай А.О.	Қазақ тілін әлеуметтік желілерге танымал ету үшін контент стратегиялары	3785
861.	Оспан М.Ж.	Қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі «Бақыт» концептісі	3790
862.	Өркенқызы А.	Постмодернистік мәтіннің байласымы мен тұтасымын барлау	3794
863.	Рзалиева Р.Ж.	Ғаламтордағы тұлғаны тілдік кемсіту: себебі мен салдары	3798
864.	Сәбитқызы Б.	Жанат Әскербекқызының шығармашылығындағы концептуалды метафора	3802
865.	Түйлебаева Қ.Б.	Хаос және контекст	3805
866.	Тұранов Ы.Ә.	Әлихан Бөкейханов шығармаларындағы антропонимдердің психолингвистикалық сипаты	3809
867.	Уәлібек А.А. Беласар І.Қ.	Қазақ фразеологизмдерінің гендерлік аспектісі	3812
868.	Ұланова Е.Д.	Т.Әбдікәкімовтің «Ажал даласындағы тас» өлеңіндегі сөздердің қолданылуының математикалық жиілігі	3816
869.	Халмурат Е.С.	Mangurtism – future tragedy	3819
870.	Шиктыбаева А.	Жасанды интеллект арқылы өтірік өлеңдер құрастыру	3821

### **6.3 ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ РУССКИЙ ЯЗЫК И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ**

871.	Абдикадырова А.М., Аманджол А.Е., Беккалиқызы А.	Слово <i>хайп</i> и его производные	3825
872.	Амангелді А.Ж.	Слова-паразиты в речи современной молодежи	3828
873.	Аманшаева И.С., Мәлікова А.Н.	Слово прикол и его производные в молодежном сленге (на материале НКРЯ)	3832
874.	Дудко В.Н.	Языковые средства как механизм воздействия	3836
875.	Елубаева К.К.	Устойчивое выражение "24/7" в современной речи: аспекты значения	3841
876.	Жарлықасым Ж.К.	Синтаксические модели новостных заголовков в интернет-СМИ Казахстана	3844

877.	Жумабаева А.Б.	Лексикографический анализ лексемы «упрямство» в русском и казахском языках	3850
878.	Кеңес Н.С.	Жизненное кредо молодёжи Казахстана: лингвоаксиологический аспект	3853
879.	Қалихан А.А.	Специфика молодежной инвективной лексики (на материале соцсетей Tik Tok, Telegram)	3856
880.	Мазуркина У.А.	Фонетическая интерференция при обучении русскому языку как иностранному китайских студентов	3859
881.	МаксUTOва Д.Г.	Научная VS народная этимология объектов Астаны (по материалам уличных интервью инстагида Мити Байназарова)	3862
882.	Серикова Д.М.	Специфика обучения аудированию в 9 классе	3865

**6.4 ОРЫС ӘДЕБИЕТІ: КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ  
РУССКАЯ ЛИТЕРАТУРА: АНАЛИЗ И ИНТЕРПРЕТАЦИЯ  
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА**

883.	Абдрахманова Э.	Bakhyt Kairbekov: the problems of creativity	3869
884.	Ерболат Д.	Фольклор как мотивообразующий элемент в повести З. Наурызбай и Л. Калаус «Приключения Бату и его друзей»	3870
885.	Ибраимова С.	Мотив самопожертвования в прозе Л. Улицкой	3874
886.	Кенжетай Б.	Фольклорные образы и мотивы в цикле «Кудыкины горы» Н. Черновой	3876
887.	Курмангалиева Г.	Метафора «необретенный рай» в романе Бахыта Кенжеева «Младший брат»	3879
888.	Мухамадиева К.	Особенности реализации категории «автора» и «скриптора» в романе Т. Толстой «Кысь»	3881
889.	Надирхан В.	Быт и нравы русского помещного дворянства в изображении Н.И. Новикова, Д.И. Фонвизина, А.Н. Радищева	3884
890.	Онгар А.	Символика круга в романе «Круг пепла» Д. Накипова	3888
891.	Оразалина А.	Литературное наследие Рымгали Нургали: социальные и философские аспекты в произведениях писателя	3891
892.	Өсербайұлы С.	Қазақ романының қалыптасу кезеңдері және дамуы	3893
893.	Сарсенбай М.	Концепция детства в литературе: культурный и философский контексты	3897
894.	Сералимова С.	Исторический контекст и культурные традиции в творчестве тюркоязычных писателей	3900
895.	Тахауикызы Ж.	Тема Древнего Новгорода в исторических и художественных произведениях Н.М. Карамзина	3903
896.	Турабекова И.	Образ современной российской женщины в произведениях Дарьи Донцовой	3907

897.	Цындра А.	Фольклорно-мифологический контекст образа ведьмы в повести Н.В. Гоголя «Майская ночь, или Утопленница»	3912
------	-----------	--	------

## 6.5 АУДАРМА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

### ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

898.	Айтбаева А.М.	Особенности аудиовизуального перевода на примере фильма «Inception»	3918
899.	Акимбекова К.Ж.	Прагматический аспект перевода рассказов Оскара Уайльда	3920
900.	Алпамыс Т.М.	Intercultural Features of Modality Expression in English and Kazakh: Translation Challenges	3922
901.	Амангелдиева А.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдегі кейбір соматизмдер аудармасы	3926
902.	Әбдірахман А.Қ.	Аудиовизуалды аудармада реалияларды беру ерекшеліктері	3928
903.	Бектлеуова А.С.	Тіл және әдеп: ұлттық ерекшеліктер мен аудармадағы ұстанымдар	3931
904.	Бультенова Д.Т.	Culinary terms as culturally marked lexis: issues of equivalence in translation from Kazakh into English	3933
905.	Дулатова А.А., Кадырова Р.Р.	Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер мен мақал мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылығы	3937
906.	Елибаева А.Т.	Лингвокультурные трансформации в аудиовизуальном переводе: анализ русской локализации фильма «Веном»	3941
907.	Жексемби Д.Д.	Аудармада қолданылатын цифрлық технологиялардың жетістіктері	3945
908.	Каткенова З.Д.	Childbirth celebration in Kazakh and English cultures	3950
909.	Қыдырбай Г.З.	Орта мектептерде ағылшын грамматикасын оқытуда коммуникативті әдістерді қолдану	3953
910.	Матыгулова А.Н.	Translation of documentary novels	3956
911.	Нығметулла К.Б.	Көркем әдебиет стилінің аудармасы: жасанды интеллект, машиналық аударма мен адам аудармасының салыстырмалы талдауы (Эрнест Хемингуэйдің «Килиманджаро – қарлы тау» әңгімесінің негізінде)	3959
912.	Райнбекова А.К.	«Жеті» санының ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктер мен аудармадағы көрінісі	3962
913.	Сейткенов К.Б.	Көркем мәтін тілі прагматикасын жеткізуде тіркесті бірліктердің аударылу ерекшеліктері	3966
914.	Сүндетова А.Н.	«Жаңбыр» концептісінің тілдік-танымдық сипаты және тіларалық берілуі (Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романы негізінде)	3972
915.	Утеулиева А.А.	Lexical-semantic types of non-verbal means and their translation	3978

**6.6 ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИНОСТРАННОЙ ФИЛОЛОГИИ**

916.	Айдарбекқызы М. Ермекқызы А.	Тілдердің жойылу қауіпі және қайта жаңғырту мүмкіндіктері	3983
917.	Асатова К.Т.	Semantic and Pragmatic Aspects of Anglicisms in Modern Kazakh	3986
918.	Аслялиева А.Ж.	Frequency and Functional-Semantic Analysis of Color-Denoting Adjectives in George Orwell's "Animal Farm"	3990
919.	Ахметбек Д.А.	Axiological characteristics of the biography of a virtual character	3996
920.	Байсұлтан А. Н.	Ағылшын көркем әдебиетіндегі бейвербалды қарым-қатынастың рөлі	3999
921.	Донбаева А. А.	Использование аутентичных текстовых материалов при обучении чтению в целях повышения мотивации к изучению иностранного языка	4003
922.	Жунусова А. К.	Ағылшын әдебиетіндегі «адамның оң мінезі» лексика-семантикалық өрісінің құрылымы	4008
923.	Кенесбаев А. С.	The language game in modern internet communication	4013
924.	Кенжебай А.Т.	Сравнение языка рекламы в английском и казахском языках	4015
925.	Сабилова Ж.Б.	Репрезентация концепта "семья" в англо-, казахоязычных публицистических дискурсах начала XXI века	4018
926.	Сериккалиева А. Ж.	Образность публицистического дискурса в новогодних речах: сравнительный анализ выступлений президента Казахстана и короля Великобритании	4020
927.	Тлемисова Ж. М.	Semantic analysis of the linguistic changes driven by generation Z's neologisms	4023
928.	Турсынбетова А. Н.	Балалар тіліндегі инновациялар мен олардың сөзжасамдық ерекшеліктері	4027
929.	Ундимисова А.Ж.	Английские пословицы и поговорки: их значение, употребление и русские эквиваленты	4030
930.	Хасенов И. Танабаев Т.	A brief overview of the origins and formation of the basic terms of electricity in English and Kazakh languages	4031
931.	Шандер Д.	The English language acquisition: why are you still unable to speak it?	4034

**6.7 ҚЫТАЙ ФИЛОЛОГИЯСЫ МЕН ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ: ЖАҢА  
БАҒЫТТАР МЕН ӘДІСНАМАЛАР  
КИТАЙСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ И ЛЕКСИКОЛОГИЯ: НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ  
И МЕТОДОЛОГИИ**

932.	Абдуллина А.Р.	Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы және аудармадағы рөлі	4039
933.	Абдуразакова М. Д.	Ресми іс-қағаздардағы тұрақты тіркестер мен клишелердің аудару тәсілдері (қытай және	4043

		қазақ тілдерінің іскерлік құжаттары негізінде)	
934.	Асқар Н.	Лю Цысиннің “Үш Ғалам” ( 三体 ) ғылыми-фантастикалық роман трилогиясының стилистикалық ерекшеліктері	4046
935.	Дюсупжанова Ж.М.	Қытай фильмдерін қазақ тіліне аударудың ең танымал түрлері мен кең таралған әдістері	4049
936.	Кабышева А.Д.	Медициналық терминдерді қытай тілінен қазақ тіліне аудару мәселелері	4054
937.	Күшәнбек М.	Бақ-тағы қытай фразеологизмдерінің қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері	4060
938.	Қалекенова Ж.Қ.	Мәдени революция кезеңіндегі әдебиеттің даму көрінісі	4065
939.	Майбас Ә.Т.	Қытай тілін шет тілі ретінде оқытудың бастауыш сатысындағы құрмалас сөйлемдердегі жалғаулықтардың оқыту мәселесі	4068
940.	Мамедова Р.В.	Сравнительный анализ китайских и казахских пословиц и фразеологизмов	4071
941.	Маметова А.М.	Медицина саласындағы кәсіби мәтіндерге лингвистикалық талдау	4076
942.	Мылтықбай Ж.А.	Қытай ауызекі сөйлеу стилінің қолдану аясы	4080
943.	Намазова Ж.Т.	Жасанды интеллект негізіндегі қытай тілін оқу: мүмкіндіктер мен шектеулер	4085
944.	Нұрлан Е.	Цянь Чжуншудың “Қоршалған қамал” романының көркемдік ерекшеліктері мен кейіпкерлер образы	4088
945.	Нұртай А.	«Өмір мен өлім мені қажытады» романында реинкарнация арқылы әлеуметтік жіктелуді бейнелеу	4093
946.	Сейлова А.А.	Влияние политической и культурной ситуации в Китае в период Тан на литературу	4097

**МАЗМҰНЫ  
СОДЕРЖАНИЕ  
CONTENTS**

**СЕКЦИЯ 7. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР  
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ  
ECONOMIC SCIENCES**

**Подсекция 7.1 ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ**

**ОТКРЫТОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ И ЕЕ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ  
БЕЗОПАСНОСТЬ**

**OPENNESS OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS ECONOMIC SECURITY**

947.	Асылбаева Ж.Е.	Цифровизация в жилищном строительстве: преимущества и перспективы	4100
948.	Аудан Д.Т.	Өнеркәсіп кәсіпорының тұрақты дамуының	4103

5. Сүйіншәлиев Х.Ж. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық / Х.Ж. Сүйіншәлиев. – Алматы : Санат, 2006. – 904 б.
6. Әдеби жәдігерлер: жиырма томдық. 6-том: Даналық кітабы. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. – Алматы: Таймас, 2008. – 488 б.
7. Абай. Өлендер, аудармалар, поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2020. – 288 бет.

ӘОЖ 821.512.122

## **КӨЛЕҢКЕ АРХЕТИПІНІҢ КӨРКЕМ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ: ДОСТОЕВСКИЙДІҢ «СЫҢАР» ПОВЕСІ МЕН ТӨЛЕН ӘБДІКТІҢ «ПАРАСАТ МАЙДАНЫ» НЕГІЗІНДЕ**

**Шагирова Дильназ Русланқызы**

[sdilona01@mail.ru](mailto:sdilona01@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ. Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының магистранты,  
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., проф. Ж.Ә.Аймұхамбет

**Кіріспе.** Әдебиет пен психология – бірін-бірі өзара толықтырып, тығыз байланыста дамитын салалар. Себебі сөз өнері Ақмет Байтұрсынұлы атап өткендей көрнек өнерінен шығатын жан қоштаушы өнер [1,150]. Оның ақылға, қиялға, көңілге ықпал етуінің өзі – осы ерекшелігінің айқын дәлелі. Әдебиеттану ғылымы әр кезеңде түрлі зерттеулер арқылы алғашқы теориялық мектептерін қалыптастырып, өз әдіснамалық негіздерін қалады. Осындай алғашқы мектептердің бірі – ағайынды Гримдер негізін қалаған мифологиялық бағыт болды. Ол XVIII ғасырдың соңында және XIX ғасырдың басында қаланды. Ағайынды Гримдер неміс мифтерін жинақтап, әдебиеттану ғылымына «прамиф», «пратіл», «прахалық» ұғымдарын енгізді. Яғни бұл барлық халықтың фольклорында кездесетін ортақ мифтік мотивтер, мұндағы «пра-» түбірі заттың бастауын, түпнегізін білдіреді [2,42]. Кейін алғаш образдар туралы көзқарастар одан әрі дамып, әдебиет теориясына архетип термині енеді. Ол швед психиатры Карл Юнгтың ұжымдық бейсаналық теориясымен тығыз байланысты еді. Юнгтік теория бойынша, әрбір адамның түпсанасында мифтік символдармен сабақтас архетиптер жүйесі сақталған. Яғни, архетип – санадағы бастапқы, алғашқы образдар. Бұл образдар уақыт шеңберінен тыс әрбір адам санасының тереңінде жатқан ұжымдық бейсаналықтың бір бөлігі [3]. Санадағы бұл көріністер көркем шығармада мифтік мотивтер арқылы көрінеді. Отандық зерттеуші Мақпал Оразбек «Автор мәселесі» еңбегінде архетип терминіне анықтама беріп, бейсаналықтың теориялық негіздеріне талдау жасайды. Ғалымның сөзінше: «Алғашқы кескіндер («Первообразы») немесе архетиптер – бұл әлеуметтік-мәдени айырмашылықтарға қарамастан әр түрлі образдарды қабылдауға ықпал ететін адамдардың психикасындағы біріктіруші принциптер...» [4,72]. Зерттеуші әрі қарай Юнгтік теорияға сүйеніп ұжымдық бейсаналықтың негізгі архетиптерін көрсетеді:

1. Самость (Self, Мен) – тұлғаның ішкі тұтастығы мен өзіндік санасын бейнелейтін архетип;
2. Анима және Анимус – әйелдік және еркектік бастамалардың бейсаналық деңгейдегі көрінісі;
3. Дитя (Сәби) – балалық тазалық пен жаңғырудың символы;
4. Тень (Көлеңке) – тұлғаның бейсаналықтағы қараңғы, қабылданбаған қырларын бейнелейтін архетип;
5. Персона (Бетперде) – адамның әлеуметтік ортада бейімделуіне көмектесетін архетип;
6. Старый мудрец (Қарт Данышпан немесе Абыз әйел) – даналық пен рухани жетекшіліктің символы.

Орыс әдебиеттанушысы Е.М.Мелетинский бұл архетиптердің мифологиялық сипаттарына назар аударып, ең маңызды архетиптерге «ана», «бала», «көлеңке», «анимус» (немесе «анима»), «данышпан қарт» мифологемаларын жатқызады [5,4]. Бұл көрсетілген архетиптерге нақты мысалдарды отандық ғалым Мирзахметов Алмаздың «Қазіргі қазақ прозасындағы архетиптік образдар» атты докторлық диссертациясынан оқи аламыз. Ғалым осы еңбегінде «Көлеңке» архетипіне – «...адамның өзі саналы түрде мойындамаған, бірақ оның бейсанасында өмір сүретін тұлғалық аспектілерінің жиынтығы» деп анықтама береді. [6]. Яғни «Көлеңке» архетипі адамның ішкі қарама-қайшылықтарын, жасырын эмоциялары мен қоғамда көрсетуге қорқатын қасиеттерін бейнелейді. Ол тек жағымсыз сипатта емес, сонымен қатар адамның жүзеге аспаған әлеуеті мен басылып қалған оң қырларын да қамтуы мүмкін. Юнгтің ізбасарлары «көлеңкені» әртүрлі сипаттайды. Ағылшын зерттеушісі Стив Пейдж бұл ұғымның түсіндірілуінде белгілі бір екіұштылық бар екенін атап өтеді [7,2]. Оның пікірінше, «көлеңке» концепциясында «қараңғылық» терминіне байланысты белгісіздік жатыр. Бұл қараңғылық сананың «жарық бөлігінің» шегінен тыс орналасқан беймәлім құбылыстармен байланысты болуы мүмкін. Юнг әдістемесіне сүйене отырып, көлеңке бейнесі кездесетін көркем шығармаларды талдап көрейік. Бұл ретте американдық ғалым Джозеф Кэмпбеллдің әлем халықтарының ежелгі мифтері жөніндегі іргелі зерттеуіне жүгінеміз, ол өз еңбектерін «Тысячеликий герой» (Мың бейнелі қаһарман) атты кітабында жариялаған. Кэмпбеллдің пайымдауынша, мифологияда «көлеңке кейіпкері» – «антагонист, зұлымдықтың бейнесі, кейде шут немесе юродивый (ақымақ) кейінде көрінеді» [8,234]. Антагонист және протогонист кейіпкерлер ежелгі дүние өнерінде бинарлық-оппозициялық құрылым тектоникасынан бастау алып, қарама-қарсы ұғымдар жүйесін құрайды. Қазақ әдебиетіндегі бинарлық оппозициялар туралы талдай отырып, мифтік және көркемдік трансформацияларды салыстыру жүргізген Ж.Әскербек пен М.Оразбек зерттеулерінде қазақ фольклоры мен классикалық әдебиетінде осы оппозициялар негізінде қалыптасқан бейнелерге назар аударылады. Мысалы, дәстүрлі ертегілерде хан мен қарашы, батыр мен жауыз бейнелері осы бинарлық жүйенің негізінде құрылады. Ал заманауи әдебиетте бұл оппозиция күрделеніп, кейіпкерлердің ішкі әлеміндегі қарама-қайшылықтар арқылы беріледі [9]. Бұл әсіресе адамның ішкі тартысын бейнелейтін психологиялық шығармаларда ерекше көрініс табады.

**Зерттеу әдісі.** Бұл зерттеу салыстырмалы-талдау әдісіне негізделеді. Алдымен, екі шығармадағы адамның екіге жарылу мотивінің көріну ерекшеліктері анықталады. Кейін осы құбылыстың әдеби және психологиялық аспектілері қарастырылады. Сонымен қатар, екі автордың қолданған көркемдік тәсілдері мен идеялық мазмұны салыстырылады.

**Талдау.** Ф.М. Достоевскийдің «Сыңар» повесі алғаш рет 1846 жылы «Записки из подполья» атауымен жарық көрді. Бұл шығармада көлеңке архетипінің «сыңар» (двойник) бейнесінде көрінуі байқалады. Бас кейіпкер — жоғары лауазымды шенеунік Яков Петрович Голядкин — өзін өнегелі, моральдық принциптерге берік тұлға ретінде танытқысы келіп, ішкі қайшылықтарын мойындаудан бас тартады. Қоғам тарапынан мойындалуды үміт еткен ол, сол үміті ақталмаған сәтте шарасыз күйге түсіп, жан дүниесі бөлшектеніп, ақыры оның қараңғы бөлігінің (допельгангер-сыңарының) жарыққа шығуына ықпал етеді. Оның егізін протогонист кейіпкер ретінде көреміз. Достоевскийдің бұл тақырыпта қалам тартқан өзге авторлардан ерекшелігі кейіпкер сыңарының тек абстрактілі емес, шынайы екінші образ ретінде көрінуі. Кейбір зерттеушілер Голядкинның сыңарын ауру қиялының жемісі деп түсіндіруге тырысады, бірақ бұл мәтінге қайшы. Әдебиетте қосарлану тақырыбы көбіне сыртқы ұқсастық немесе туыстық арқылы түсіндіріледі. Алайда Достоевский бұл тақырыпты фантастикалық деңгейге көтереді: повесте бірдей екі Яков Петрович Голядкин пайда болады — бір департаментте қызмет ететін, бір үстелдің басында қатар отырған екі шенеунік. Сыңардың пайда болуы құбылысы ешқалай түсіндірілмейді, бұл оқиғаның фантастикалық табиғатын күшейтеді. Басты кейіпкердің Яков есімінің иеленуінің өзі христиандық Киелі кітапқа сілтеме жасайды: «Яков – библейское

еврейское имя. Иаков, согласно Библии, был близнецом Исава и родился, держась за пятку старшего брата» [10]. Библиялық мәтінде бұл есім айлакер, қулығы көп адам ретінде танылған. Шығармадағы кіші Голядкин де – қулық сұмдыққа жақын, оның мінезі адалдық пен ізгілікке қарсы тұрады. Олардың қақтығысы Голядкиннің трагедиялық тағдырын айқындайды. Повестің баяндау сипаты оқырманды әлемді бас кейіпкердің субъективті көзқарасы тұрғысынан көруді көздейді. Оқиға басы Голядкин мырзаның түс пен өннің ара-жігін ажырата алмай, белгісіз күйде төсегінен оянуынан басталады. Бұл көркемдік тәсіл кейіпкердің ішкі әлеміндегі дағдарысты бейнелейтін алғашқы құрылымдық элементтердің бірі болып табылады. «Минуты с две <...>лежал он неподвижно на своей постели, как человек не вполне еще уверенный, проснулся ли он или все еще спит, наяву ли и в действительности ли все, что около него теперь совершается, или – продолжение его беспорядочных сонных грез», яғни «...Өзінің оянғанына әлі де күмән келтірген ол, айналасына жалтақтап, өңі, я кезекті ретсіз түсі екенін айыра алмай бірер минуттай төсекте тапжылмай жатқан еді» [11,7]. Кейіпкер есін жиғаннан кейін де төсектен тұруға асықпайды: «...даже осознав, что он находился не в тридесятом царстве каком-нибудь, а в городе Петербурге, в столице, в Шестилавочной улице, в четвертом этаже одного весьма большого, капитального дома, в собственной квартире своей», Голядкин, тем не менее, «судорожно закрыл глаза, как бы сожалея о недавнем сне и желая его воротить на минутку» [11,7]. Әңгіменің бірінші бөлімінен Голядкиннің шындықтан қашып, өз-өзін мойындамауын аңғарамыз. Автордың шығарманың басында қолданған сипаттау құралдарына назар аударайық: («зелено-грязноватые, закоптелые, пыльные стены»; «серый осенний день, мутный и грязный») — мұнда кейіпкердің нақты өмірі сұрықсыз, көмескі түстермен байланыстырылады. Кейін бұл палитраға қызыл түсті түркі диван, қызыл түсті үстел және қызыл ағаштан жасалған қызыл шкаф қосылады. Осылайша, қызыл түстер кейіпкердің болашақтағы қайғылы тағдырын алдын ала болжайтын символдық элемент ретінде көрінеді. Басты кейіпкер "Ол менің орнымды басып қана қоймай, менің барлық қасиеттерімді өзіне сіңіріп алды" – деп үрейленеді. Голядкиннің сыңары оның әлеуметтік «меніне» тікелей қарама-қарсы тұлға ретінде пайда болып, негізгі кейіпкердің өзіндік болмысын ығыстырады. Бұл құбылыс Юнг тұжырымдаған көлеңкенің үстемдікке ие болуымен сәйкес келеді. Көлеңкелі жақтың сананы жаулап алуы тұлғаның толық күйреуіне әкеледі. Қазақ әдебиетінде көлеңке архетипінің мотивтерін Төлен Әбдіктің шығармаларынан кездестіруге болады. Мәселен, осы тақырыпта алғаш жарық көрген «Оң қол» әңгімесінде басты кейіпкер — он жеті жасар Алманың оң қолының өзіне қарсы тұруы мен болмысының екіге жарылуы көлеңке архетипінің көрінісі. Шығарманың баяндау стилі дәрігердің көзімен өрбіп соңы трагедиямен, Алманың өлімімен аяқталады. Дәл осы тақырыпта жарық көрген екінші еңбек — 2002 жылы басылып шыққан «Парасат майданы» повесі. Бұл туындыдағы көлеңке архетипі өзгеше сипатта берілген: ол Достоевскийдің Голядкиніндей өзімен күрескен әлсіз кейіпкер ретінде емес, терең философиялық пайымдауларды жазған, интеллектуал образдар тартысы ретінде көрініс табады. Повеске алынған эпиграфтың өзі: «Сен жақсылықты жамандықтан жасауың керек, өйткені оны жасайтын басқа ештеңе жоқ» [12, 5] — шығарманың тақырыбын айқындайды. Ізгілік үшін күресуші пациент протагонист пен пен хат жазушы бейтаныс антогонист екеуі бір адам. Болмыс екі түрлі қалыпта, екі түрлі көзқараста, екі түрлі идеялық бағытта өмір сүреді. Бұл жағдай мифтік таным архетипінің көрінісі ретінде оқиғаның күнделік формасында берілуімен ерекшеленеді. Көркем мәтін құрылымында талдау жасағанда кейіпкерді күнделік жазуға итермелейтін себептерді анықтайық. Алдымен бұл жалғыздық мәселесі, мұндай жағдайда күнделік ішкі толғаныстарды жеткізудің жалғыз құралына айналады: «...Көбіне жиын-тойларда, қонағасыларда кездесеміз. Сөйлеген сөзінен, жүріс-тұрысынан зиялы от басынан шыққаны, кітаби тәрбиені көбірек көргені байқалады. Мінезі жұмсақ. Онысы өзгелерге жағымды көрінгенмен, өзіне әлде бір шарасыздық әкелетін секілді. Арнайы сөзге тартпасаң, қасыңда бәленбай сағат үнсіз отыра беруге бар...» [12, 7]. Біз бұл жалғыздықты Голядкиннің де бойынан

байқай аламыз. Повестегі күнделік жүргізуші кейіпкерді бастапқыда тек ішкі күйзеліс пен енжарлық сезімі билейді. Бұл пікірталасты тереңдететін символикалық деталь — кейіпкердің өз палатасынан тапқан хаттары. Белгісіз біреудің бақылап жүргеніне деген ой оның тыныштығын бұзып, үрейін күшейтеді. Осылайша, жұмбақ екінші бейненің пайда болуы детективтік сарын енгізіп, қосарланған тұлғаның тылсым табиғатын айқындайды. Оқырман бұл кейіпкердің дүниетанымымен дәл осы хаттар арқылы танысады, бұл повестің психологиялық әсерін арттырады. Шартты кейіпкерлердің қақтығысы адамгершілік өлшемінде тереңдей түседі. Қосарланған бейне сыртқы әлемде емес, басты кейіпкердің ішкі дүниесінде орналасқан, яғни ол оның жанының қараңғы жағы болып табылады. Жақсылық пен Жамандықтың мәңгілік тартысы адам жаны мен санасында көрініс тауып, қосарлану құбылысының мәдениет пен өнердегі қызметін анықтайды. Достоевскийдің «Сыңар» повесі мен Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» шығармасында көлеңке архетипі әртүрлі көркемдік шешімдер арқылы көрініс табады. Достоевский кейіпкердің қосарлануын реалистік және фантастикалық тұрғыда бейнелеп, билікке ұмтылған адам санасындағы қайшылықты көрсетуге ұмтыласа, Төлен Әбдік болса, көлеңке архетипін философиялық және экзистенциалдық мазмұнда ұсынады. Оның кейіпкерлері элеуметтік-психологиялық қайшылықтарды терең философиялық пайымдаулар арқылы ашып көрсетіп, оқиға соңы трагедиялы болғанымен ізгілік жеңісімен аяқталады. Екі шығарманы салыстыру арқылы көлеңке архетипінің мәдениет пен әдебиеттегі көпқырлылығын байқаймыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. ISBN 978-601-7317-67-6
2. Михайличенко Б.С. Проблемы литературоведения: теория литературы. Монография. – Самарканд, СамГУ, - 2009.
3. Юнг. К.Г. Архетип и символ – Москва, 1991. - 304 с. — ISBN 5-7664-0462-X
4. Оразбек М.С Автор мәселесі: Монография 2017. -248б. — ISBN 978-601-310-929-9
5. Мелетинский Е.М. О литературных архетипах/ Российский государственный гуманитарный университет. – М., 1994, 136 с. ISBN 5-7281-0067-8
6. Мирзахметов А.А. Қазіргі қазақ прозасындағы архетиптік образдар
7. Page, S. The shadow and the counsellor. New York, NY 10001 – 1999, 169 p. – ISBN 0-203-43522-2 Master e-book ISBN
8. Кэмпбелл Дж. Тысячеликий герой. — СПб.: Питер, 2018. — 352 с – ISBN 978-5-4461-0856-5
9. Аймұхамбет Ж.Ә., Оразбек М.С. – Миф құрылымындағы бинарлық оппозицияның поэтикалық трансформациясы - KazNU Bulletin. Philology series. №1 (165). 2017 - ISSN 1563-0223
10. <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%AF%D0%BA%D0%BE%D0%B2>
11. Достоевский Ф. Малое собрание сочинений / Федор Достоевский. – 2022. – 800 . ISBN 978-5-389-02127-3
12. Әбдікұлы Т. Парасат майданы: Таңдамалы – Алматы: Раритет, 2012 – 616 б. ISBN 978-601-250-162-9